

2-дәріс

Аудитті жүргізудің объектілік және циклдік тәсілдері. Аудит түрлері

аудиттің мазмұнын одан әрі тереңде қарастыру мақсатымен мына үш түсініктемені қарауға болады:

- Аудиторлық- кәсіпкер, табыс табу үшін кәсіпорындарға қызмет көрсетеді.
- Кәсіпорын шаруашылық субъектісі, оған аудитор қорытындысы керек.
- Мемлекет, кәсіпорындардың жақсы жұмыс жүргізіп табысты болғанын қалайды, себебі олар салық төлейді.

1. Аудиттің негізгі қағидалары

Аудиторлық қызмет аудиттің негізгі қағидаларын сақтау негізінде жүргізіледі:

1. Ғылыми;
2. Жүйелілік, бүтіндік және комплекстік;
3. Бақылаудың белгілі бір бөлімге жұмылдырылуы;
4. Объективтілік;
5. Адалдық;
6. Тәуелсіздік;
7. Професионалдық, шеберлік, білушілік және ұқыптылық.
8. Құпиялылық немесе конфиденциялық;
9. Оперативтілік;
10. Есеп берушілік;
11. Дайындау, пікір;
12. Коммуникация.

2. Аудит мақсаты - нәтижелік есептілікті құру және ұсынуға талаптар.

Компания (Аудит жүргізілетін) жағдайын өзгертуде немесе сақтауда бір жолға қойылуына әсер ететін басқаруды қамтамасыз етеді. Басқару ақпаратқа сүйенеді.

Ақпарат – жинау, сақтау, өңдеу объектісі болып табылатын мәлімет. Ақпарат құнына: ақпаратты жинауға басшылар мен солардың қол астындағылардың жұмсалған уақыты, нарықты талдау, пайдаланылған уақытын төлеу, сыртқы кеңесшілер қызметін пайдалану, сонымен қатар нақты шығындар жатады.

Басқару – шешім қабылдау деген сөз. Басқару шешімдерін түсініп қабылдау тек ақпарат негізінде ғана мүмкін болады.

Аудитті ақпаратпен қамтамасыз етудің міндеті – аудиторлық процеске қатысушыларды бақылаудағы объектілер, олардың қызмет етуі және нормативтік-құқықтық актілер мен кәсіпорындағы шаруашылық механизмдегі заңдарға сәйкестігі туралы хабарлау болып табылады.

Аудит түрлері

Аудиттің түрлерін зерттеудің методикалық жағының өте зор маңызы бар. Өйткені аудитті қандай түрлермен жүргізу және олардың әрбір жағдайларда тигізетін әсерлерін анықтау қажет. Осыған орай аудит төмендегідей түрлерге жіктеледі:

- **Субъектілер бойынша – ішкі және сыртқы;**
- **Зандылығы бойынша – міндетті және бастамашылық;**
- **Объектіні аудиторлық жұмыспен қамту бойынша – толық және ішінара.**

Бастамашылық аудит соған қажетті тапсырысшыларды тапсыруы бойынша жүргізіледі, егер бұл тексеру заң жүзінде көрсетілмесе. Мұндай тексерудің көлемі клиенттердің талабына байланысты.

Міндетті аудит заңда көрсетілген және субъектінің өздерінің қаржы-шаруашылық жұмыстарын тексеру үшін аудиторларды немесе аудиторлық фирмаларды шақыруға міндетті.

...

3. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР АУДИТІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

Ақпараттық жүйенің аудиті:

1) ақпараттық жүйенің ағымдағы жай-күйінің, онда болып жатқан олардың ақпараттандыру саласындағы техникалық регламенттерге, стандарттарға сәйкестік деңгейін айқындайтын әрекеттер мен оқиғалардың бағасын алу;

2) нормативтік-техникалық құжаттаманың тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін белгілеу мақсатында жүзеге асырылады.